2. Орнатылу тереңдігін шектегішін (2-айқ.), артқы тіректі (3-айқ.) және алдыңғы тіректі (1-айқ.) дұрыс орнату және шеберханада оларды тіреуге дәнекерлеу. 20-сур. айқындама нөмірін қар.



A бөлшегі




19-сур. Тіреу мен тіректерді бекіту



Профильден шығатын тіреу

Барлық дәнекерлеу тігістері




TM04 9088 3113

TM04 9090 3113

20-сур. Тіреу мен тіректі дәнекерлеу.


3. Бетонда жоғарғы бекіту кронштейнін бекітетін бұранда астында саңылау бұрғылау.
4. Жоғарғы бекіту кронштейнін орнату және оны бұрандалармен мықтап бекіту.



TM04 2719 2713

21-сур. Жоғарғы бекітілім


5. Профильден шығатын тіреуді (19-сур. 5-айқ.) ұзындық бойымен жоғарғы бекіту кронштейніне оқшаулау астында (С айқ.) сәйкес түрімен кесе отырып қиыстыра келтіру. Буртик оқшаулауы мен 5-10 мм арасындағы тиімді саңылау. 21-сур. қар.
6. Жоғарғы бекіту кронштейнінен оқшаулауды және металды бөлшегін орталық бұранда (А айқ.) мен екі бекітілген бұранданы (В айқ.) бұрай отырып шешіп алу.
7. Тіреу астында шаршы оқшаулау жиегін қиыстырып келтіру. Оқшаулау тіреуге жеткілікті түрде тығыз енуі тиіс.
8. Жоғарғы бекіту кронштейніне бекітіліп қойылған тіреудің жоғарғы бөлігінде бекітілген бөлігіне металды бұрау бөлігін қою. Үш бұранданы (А және В айқ.) қаншадықты қажет болғанша тарту. Бекіту бұрышы $7,5^\circ$ қадамымен реттеуге болады.
9. Төменгі бекіткіш пластинаға арналған сұйыққойма түбінде саңылау бұрғылау және бұрандаларын қою.
10. Төменгі бекіткіш пластинадағы бұрандаларын тарту.
11. Алдыңғы және артқы тіреудегі бекіткіш бұрандалар астында саңылау бұрғылап, бұранда орнатып оларды тарту.
12. Бетонда кран-бөрене бекіткіш тіреуіне бұранда астына саңылау бұрғылау.
13. Кран-бағана тіреуін орнату, кейін бұрандаларын қоя отырып, оларды тарту.
14. Қапсырма көмегімен қозғалтқыш кронштейніне көтеру тросын бекіту (15-айқ.). 22-сур. қар.



TM04 2720 2908

22-сур. Қозғалтқыш кронштейнінде көтеру темір арқанын бекіту


15. Қапсырма көмегімен жоғары бекіту кронштейнінің саңылауына (31-айқ.) сақтандыру темір арқанының жоғарғы ұшын бекіту. Сақтандыру темір арқанының басқа ұшында көтеру темір арқаны өтетін қапсырма бар. 12-сур. қар.



TM04 3932 0409

23-сур. Сақтандыру темір арқаны

16. Кабельді қысқыш көмегімен ағын түзгіштен шамамен 0,8 м жоғары көтеру темір арқанына электр қозғалтқышының кабелін бекіту. Бұл жұмыс уақытында кабельдің құлауы және оның пропеллерге түсуінің алдын алады. Карабин көмегімен темір арқан қысқышынан жоғары көтеру темір арқанына кабельді қысқышты бекіту. 24-сур. қар. Электр қозғалтқышының кабелін көтеру темір арқанына әрбір метр сайын орнатылған кабельді қысқыштар көмегімен бекіту.



TM02 4938 1802


24-сур. Кабельді темір арқанға бекіту

17. Кран-бағананы тіреуге орнату және жүкшығыр барабанында көтеру тросын бекіту.

Назар аударыңыз
Жүкшығыр барабанында темір арқанның кем дегенде үш орамын қалдыру керек, кері жағдайда барабан бекіткішінен темір арқан шығып кетуі мүмкін.

Нұсқау
Кран-бағана құрастыру және пайдалану бойынша нұсқаулығын меңгеріп сақтау керек.

18. Кранның көмегімен ағын түзгішті жинағында көтеру (электр қозғалтқышымен кронштейн) және тіреуге кигізу.
19. Ағын түзгішін орнатылым тереңдігін шектегішіне дейін сұйыққоймаға баяу түсіру.
20. Кабель бекіткішін (18-айқ.) қапсырма көмегімен жоғары бекіту кронштейніне бекіту және ол арқылы қажеттілігіне қарай электр қозғалтқышының кабелін тарту. 25-сур. қар. Электр қорегінің кабелі аздап тартылуы тиіс.



25-сур. Көтеру және сақтандыру темір арқандарымен және кабельді ажыратқышымен жоғары бекіту кронштейні

TM04 3929 0409

Назар аударыңыз

Көтеру темір арқанын ағын түзгішін іске қосар алдында кран-бағаннан босатып алған жөн.

21. Жүкшығырдан көтеру темір арқанын босатып алу және оны жоағы бекіту кронштейніне (20-айқ.) қысқышпен бекіту.
22. Көтеру темір арқаны электр қорегінің кабелі үшін жүктеме қызметін атқарады. Осы себеппен темір арқан үнемі алдын ала тартылымы болуы тиіс.
23. Электр қозғалтқышының кронштейні орнатылу тереңдігінің шектегішіне тірелетін болса, пропеллер мен қабырғалары және түбінің арасындағы қашықтықтың аралығын тексеру керек. Ешбір жағдайда араластырғыш қалақтарының басқа жабдық элементтеріне, түбіне, қабырғасына жанасуына жол бермеу керек.



Ескертпе
Электр қозғалтқышы ағытылғандығына көз жеткізіңіз.

24. Электр қозғалтқышының кабелін басқару шкафының клеммаларына қосу.

9. Электр жабдықты қосу

Электр жабдықтарын қосу жергілікті нормалармен ережелерге сәйкес мамандармен ғана орындалу керек.

Қауіпсіздік техникасы бойынша қолданыстағы ұлттық және жергілікті талаптардың барлығын сақтау керек.



Ескертпе
Кез-келген электрлі жалғанымдар мен қосылымдарды орындар алдында сақтандырылғыштар шешіліп, басты ажыратқыш ағытылуы керек. Электр қорегі ажыратылғандығына кездейсоқ қосылып кетуінің орын алмайтынына көз жеткізіңіз.



Ескертпе
11. Пайдалану тарауында келтірілген қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.

Желідегі жұмыс кернеуі және ток жиілігі араластырғыш пен ағын түзгішінің фирмалық тақтасында көрсетілген.

Араластырғыштың және ағын түзгішінің электрлі сипаттамаларының орнатылу орнында қорек көзінің бар параметрлеріне сәйкестігін тексеру керек.

Араластырғыш немесе ағын тізгішін жеткізілер кезде ұзындығы 10 метр электр қорегінің кабелімен жабдықталады (тереңдігі 7 метрге дейін болатын сұйыққоймаларға жарайтын, стандартты ұзындық). Ұзындығы 15 және 25 метр стандартты кабельдер сұраныс бойынша жеткізіледі.


Электр қозғалтқышта Y («жұлдызша») немесе A («үшбұрыш») таңбалары бар. Желіге қосу сыртқы басқару панелінде электр қорегі кабелінің 1-6 сымдарының көмегімен орындалады.

26-суретте «жұлдызша» және «үшбұрыш» жалғау схемасы көрсетілген. Сонымен қатар 9.5. *Электр жалғауларының схемасы* тарауын қар. Егер пайдалану кезінде араластырғыш немесе ағын құрағыш «үшбұрышпен» қосылған болса, онда олар үшін «жұлдызша-үшбұрыш» схемасы бойынша іске қосу мүмкін.

Үш фазалы электр қозғалтқыштары

«Үшбұрыш»

«Жұлдыз»



26-сур. «Үшбұрыш» және «жұлдыз» қосылымының сызбалы кескіні

9.1 Электр қозғалтқыштың қорғанышы

Араластырғыш пен ағын түзгіш келесі типтегі электр қозғалтқышының қорғанышымен жабдықталған:

Стандартты араластырғыштар үш РТО кіріктірілген биметалды термоажыратқыш бар. 29-сур. қар.

Жарылысқа қорғалған орындалымындағы араластырғыштар және барлық ағын түзгіші үш РТС термоажыратқышымен жабдықталған 30-сур. қар.

Термоажыратқыштар тағайындалымы

Электр қозғалтқышы әрбір орамына бір бірден кезекпен қосылған үш ажыратқышымен қызып кетуден қорғалған.

Атаулы орау температурасы үшін қолжетімді шегіне қол жеткізу барысында термоажыратқыш жанасымы электрлі тізбегін ажыратып, электр қозғалтқышын тоқтатады.

Ораулар қалыпты температураға дейін суыған уақытта термоажыратқыш электрлі тізбегін тұйықтайды және электр қозғалтқышы қайта іске қосыла алады. Электр қозғалтқышының қайта іске қосылу қолмен орындалуы тиіс.

9.5 *Электр қосылымының сызбасы* тарауындағы 29-суреттегі электр қосылымының сызбасын қар.

Термоажыратқыштар (F6)

- Екі сым (11 және 12 клеммалары)
- Термоажыратқышының мейлінше жоғары кернеуі: 250 В.
- Ауыстырып қосудың мейлінше жоғары тогы: $\cos \phi = 1$ барысында 2,5 А.
- Ағытуға іске қосылу температурасы: 150 °С.

PTC датчиктерінің тағайындалымы

Электр қозғалтқышының қызып кетуі жағдайында ол тоқталуы тиіс. Мұндай жағдайларында автоматты іске қосылымға ол берілмейді. Қозғалтқыш контакторының басқару тізбегінде қайта қосылымнан қорғанышы бар термисторлы іске қосылу құрылғысы талап етіледі.

Электрлі жалғаным сызбасын 9.5 *Электрлі жалғаным сызбасы* тарауындағы 30-сур. қар.

Екі сым (31 және 32-клеммалары).

Ә1, Ә2, Ә3: PTC датчиктер:

- Екі сым (31 және 32 клеммалар)
- Клеммалардағы мейлінше жоғары кернеу: $U_{м.ж.} = 2,5$ (өзг./тұр.)
- 31 және 32-клеммаларының арасындағы кедергі
 - R комнаталық температурасы барысында = 150-ден 750 Ом.
 - ағытуға іске қосылуға температура барысында (130 °С) $R \geq 4000$ Ом.

31 және 32-клеммаларда сигналдың өтілімін тексеру үшін, сынақтық кернеу 2,5 (өзг./тұр.) аспауы тиіс. Тексеру үшін оммерді қолданыңыз.

Нұсқау

Ескертпе

Жарылысқа қорғалған орындалымындағы араластырғыштардың PTC датчигін қамтамасыз ететін қызып кетуден қорғанышы болуы тиіс. Датчиктер сигналдар түрлендіргішіне сәйкес зақымданудан өтуімен жалғануы тиіс.



9.2 Редуктор/бүйірлік тығыздағышының қорғанышы

Редуктор/бүйірлік тығыздағышы оған судың енуіне бақыланады, бұл үшін корпусқа жылыстау датчигі келтіріледі.

Бақылауды жүзеге асыру үшін жылыстау датчигі ALR-20/A-Ex типіндегі Grundfos релесіне қосылады.

ALR-20/A-Ex релесіне жеке тапсырыс беру керек. Өнім нөмірі 964895907.

Егер редуктор/бүйірлік тығыздағышы оған су түсуін бақылай алмайтын болса, оларды әрбір жарты жыл сайын тексеріп отыру ұсынылады. Егер су құрамында май болатын болса, бүйірлік тығыздағышын айырбастау керек.

TM02 4953 2002

Ескертпе
Жарылысқа қорғалған орындалымдағы араластырғышы пен ағын түзгіш ALR-2-/A-Ex типіндегі Grundfos жылыстау датчигінің релесіне қосылуы тиіс. Жарылыс қорғаныштың маркалануы: [Ex ib] IIC. Өнім нөмірі: 964895697.



Нұсқау

Реле мен араластырғыш/ағын түзгіш арасындағы кабель ұзындығы 50 м аспауы керек.

50 м артық арақашықтығында қосымша экрандалған кабельді қолданыңыз.

Қатенің сыртқы индикаторы, егер мұндай бар болса, әлеуетсіз шығыс түйістіргісіне, сәйкесінше 1 және 3 немесе 4-клеммаларына қосылуы керек. Мейлінше жоғары жүктеме: 250 В, 5 А

Ескертпе
Егер датчиктің қорек кабелі ұзартылған болса, ұшқын қауіпсіз электрлі тізбегіне қатысты 60079-0 MЭК P МемСТ және 52350.14 P МемСТ стандарттарының талаптарын орындау керек. Ұшқын қауіпсіз және ұшқын қауіпсіз емес тізбегінің клеммалық жалғанымы ажыратылған және нақты көріне алатындай болуы тиіс. Пайдаланушы ұйым құрастырудың сәйкес стандарттарға сай орындалғандығын тексеруі тиіс.



ALR-20/A-Ex релесі қосылатын болса, онда жылыстау датчигі (21 және 22-клеммалары) 10 мА дейін ток күшімен өтуі тиіс. Майлы камераға су түсуінің барысында реле істен шығады, яғни авариялық сигнал көрінеді және/немесе электр қозғалтқышы ағытылады.

Электрлі жалғанымының сызбаларын 9.5 Электрлі жалғанымының сызбалары тарауындағы 29 немесе 30-сур. қар.

Жылыстау датчигі


- Екі сым (21 және 22-клеммалары).
- Мейлінше жоғары жұмыс кернеуі: Шамамен 12 В.
- Мейлінше жоғары ток: 1-ден 10 мА дейін.




Ескертпе
Релені реттеу барысында сақ болыңыз! Электрлі тогына түсу мүмкіндігі.

ALR-20/A-Ex релесінің сезімталдылығының қажеттілігі барысында келесі түрде реттелуі тиіс:

1. «а» реттеу винтін «b» релесінің индикаторы жанғанға дейін бұрау.
2. Осыдан кейін реттеу винтін индикатор нөнгенге дейін кері бағытта бұрау керек.
3. Реттеу винтін сол бағытта 60° бұрау.



27-сур. Реле реттелімі



28-сур. ALR 20 жалғастыру релесі

Жылыстау датчигі электронды жабдық элементі болып табылатындығынан жылыстау датчигін омметр немесе басқа да бақылау-өлшеу құралдарының көмегімен жүргізілуі тиіс.

Нұсқау

TM02 8866 0904

TM03 2060 3505

9.3 Қайта жүктеу релесі

Электр қозғалтқышы ысырмасы бар жылылық релесінің көмегімен қайта жүктелімінен жергілікті нормасы мен ережелеріне сәйкес қолданылуы тиіс. Реле фирмалық тақташада көрсетілген токтың номиналды мәніне реттелуі керек. «жұлдыз-үшбұрыш» сызбасы бойынша іске қосу жағдайында реттеу мәні $I_N \times 0,58$ тең болуы тиіс. Электр қорегінің желісінің барлығының алты сызығында (U1, V1, W1 және U2, V2, W2) электрлі термикалық триггерлер орнатылады.

9.4 Іске қосу сызбасы

9.4.1 Араластырғыштар

Үздіксіз режим

Тікелей іске қосылым 2,2 кВт қуатының электр қозғалтқышы үшін қолданылады.

3,0 кВт және жоғары қуатындағы электр қозғалтқышы үшін, «жұлдыз-үшбұрыш» іске қосылу немесе жиілік түрлендіргіші сызбасы бойынша іске қосу ұсынылады.


Үзілісімен жұмыстар

Қуаттың барлық диапазонында «жұлдыз-үшбұрыш» іске қосылу немесе жиілік түрлендіргіші сызбасы бойынша іске қосу ұсынылады.

9.4.2 Ағын түзгіштер

Ағын түзгіштер бір қалыпты іске қосылу немесе жиілік түрлендіргіші арқылы «жұлдыз-үшбұрыш» сызбасы бойынша қосылуы тиіс.

9.5 Электрлі жалғаным сызбасы




TM02 4940 1802

29-сур. Үш РТО термоажыратқыштар

Клеммалар Сипаты

1, 2, 3, 4, 5, 6	Үш статорлы орау ұшында (U1, U2, V1, V2, W1, W2)
11, 12	Термоажыратқыштар (F6)
21, 22	Редуктордағы жылыстау датчигі (B)



30-сур. PTC-тің үш датчигі

Клеммалар Сипаты

1, 2, 3, 4, 5, 6	Статордың үш оралымының шығарылымы (U1, U2, V1, V2, W1, W2)
31, 32	Датчиктер PTC (31, 32, 33)
21, 22	Редуктордағы жылыстау датчигі (B)

9.6 Айналым бағыты

Барлық электрлі қосылымдары орындалғаннан кейін, араластырғыш немесе ағын түзгіш пропеллерінің айналым бағытының дұрыстығына көз жеткізу керек (яғни егер қозғалтқыш жағынан қарағанда сағат тілінің бойымен). Электр корпусындағы нұсқар дұрыс айналым бағытын көрсетеді.


Егер араластырғыш немесе ағын түзгішінің пропеллері көрсетілгенге қарамақарсы бағытта айналатын болса, электр қозғалтқышының екі фазалы сымының (L1, L2, L3) жергілікті қосылымын ауыстыру керек.

9.7 Электрлі химиялық тотығудан қорғау

Электрлі химиялық тотығу екі әр түрлі металдар мен құймалардың электрлі құймасы арқылы түйісуі барысында туындауы мүмкін. Мұндай қауіп бір ғана сұйыққоймада бір араластырылған көп немесе бір ағын түзгішінен артық орнатылған болған жағдайда ғана туындайды. Сондықтан қосымша қорғанышының келесі әдістерінің бірін қолдануды ұсынады:

- бейтараптан жерге тұйықтау сызығына гальваникалық оқшаулау;
- ажыратқыш трансформатор көмегімен электр желісінің қорегін гальваникалық оқшаулау.

Жерге тұйықтау желісі оның бойынан тұрақты ток өтпейтіндей етіп оқшаулануы керек. Мұнда ол қорғанышты жерге тұйықтау функциясын сақтау керек. Бұған әр түрлі шектегіштер (поляризация элементі немесе қарама қарсы бағытталған диоды) немесе ажыратқыш трансформатор көмегімен қол жеткізу керек.



31-сур. Электрлі химиялық тотығудан қорғау.

Айқ. Сипаты

1	Шектегіш
2	Жерге тұйықтаушы жетек
3	Ажыратқыш трансформатор

Ескертпе

Егер ажыратқыш трансформатор қолданылатын болса, онда іске қосу мен тоқтың номиналды мәндерінің ара қатынасы (I_A/I_N) қолжетімсіз.



TM02 4943 0603

9.8 Жиілік түрлендіргішімен пайдалану

AMD. 15.45B.710.Ex.5.0A.A
 AMD. 35.45B.705.Ex.5.1A.A
 AMD. 20.45.700.Ex.5.0A.A типіндегі араластырығыш
 AMD. 30.45.710.Ex.5.1A.A келесі талаптарын сақтау барысында жиілік түрлендіргіші реттеле алады.

- Электр қозғалтқышы жұмыс барысында кідіріс жағдайында қызып кетуінен қозғалтқыш қорғанышына арналған РТС арқылы температураны тікелей бақылауымен жабдықталуы тиіс. Ораудағы РТС датчиктері сәйкес релесіне жалғануы тиіс. Реле араластырығыштың басқару шкафына кіріктірілуі тиіс.
- Электр қозғалтқышы жиілік түрлендіргішімен жалғануы керек, баптаулар мен номиналды деректер төмендегі кестеге сәйкес келуі тиіс.
- Жиілік түрлендіргіші фирмалық тақташада келтірілген электр қозғалтқышының номиналды деректеріне, әсіресе ток мәніне, кернеуіне, жиілік түрлендіргішіне және қуатына сәйкес бапталуы керек.
- Кернеу мен желілік арасындағы 30-дан 50 Гц дейінгі жұмыс диапазонында желілік қатынасы таңдалып алынады. Мейлінше төмен жұмыс жиілігінен (іске қосылымның) төмен жиілік мәндері барысында кернеу желілік қатынасынан ауытқымауы тиіс, алайда ол мейлінше төмен жұмыс жиілігі барысындағы мәннен де асып кетпегені жөн. Егер жиілік 50 Гц асып кететін болса, кернеу үнемі 400 В құрайды.
- Ешқандай сырғанау компенсациясы болмауы тиіс.

Жиілік түрлендіргішін баптау

$f_{м.т.}$ жұмыс диапазонының ең төмен жиілігі	30 Гц
f_n қозғалтқышының номиналды жиілігі	50 Гц
$f_{м.т.}$ жұмыс диапазонының ең жоғарғы жиілігі	50 Гц
$f_{м.т.}$ барысында $U_{м.т.}$ ең төмен кернеу	240 В
f_n барысында U_n электр қозғалтқышының номиналды кернеуі	400 В
$f_{м.т.}$ барысында $U_{м.т.}$ ең жоғарғы кернеу	400 В
Жиілік түрлендіргішінің импульсінің қайталау жиілігі (тұрақты) f_t	4 кГц

Жиілік түрлендіргішінің номиналды деректері

Қорек кернеуі	400 В, 50 Гц
Номиналды шығыс қуаты	≥ араластырығыштағы номиналды ток
Шығыстағы мейлінше жоғары ток	≥ араластырығыштағы номиналды ток
Мейлінше жоғары өтпелі кернеулері	1000 В

10. Пайдалануға беру

Барлық бұйымдар дайындаушы-зауытта қабылдап-тапсыру сынағынан өткізіледі. Орнату орнында қосымша сынақ өткізудің қажеті жоқ.

Құрылғыны іске қосу үшін Grundfos сервистік орталығына жүгінуді ұсынамыз. Ұзақ мерзімді сақтаудан кейін (екі жылдан артық) агрегаттың күйін тексеру керек және тек содан кейін ғана оны пайдалануға енгізу керек. Пропеллердің еркін айналатынына көз жеткізу керек. Бүйірлік тығыздағыштардың, тығыздағыш шығыршықтардың және кабелдік енгізілімдердің күйіне ерекше назар аудару керек.

Араластырғышты немесе ағын түзгішін редуктор /бүйірлік тығыздағышы корпусының май деңгейін тексеру үшін қажет. Май редуктор корпусын/ бүйірлік тығыздағышын 50-75 % жабуы керек.


Ескертпе

Майлы камера артық қысым астында болатын болса, майлы камера тығынын баяу бұрап ашу керек. Ешбір уақытта бұл қысым толық өшіктірілмейінше, тығынды толық бұрап ашуға болмайды.



Қажеттігіне қарай май құюға арналған саңылау (2-айқ.) арқылы редуктор/бүйірлік тығыздағышы корпусына майды үстеп құйыңыз. 32-сур. қар. Қолданылатын майдың маркасы мен мөлшерін 12.4.1 Редуктор корпусы мен бүйірлік тығыздағышқа құйылатын майдың маркасы тарауынан табуға болады. Май деңгейін тексеру үшін, AMD пропеллерін шешіп алу керек.

Егер іске қосылар алдында араластырғыш немесе ағын түзгіш белгілі бір уақыттар бойы сақталып, қолданылмаған болса, 12.3 Техникалық қызмет көрсету картасы тарауына жүгініңіз.



TM02 9479 2704

32-сур. Май деңгейі мен май құйылуын тексеру

Пайдалануға енгізер алдында:

1. Пропеллердің айналым бағытының дұрыстығын тексеру. 9.6 Айналым бағыты тарауын қар.

2. Араластырғыш немесе ағын түзгіші араластырылатын сұйықтыққа толық батырылғандығына көз жеткізу керек.

Назар аударыңыз

Араластырғыш немесе ағын түзгіштің қолданылымының барлық уақытында батырылған күйінде болуы тиіс.

3. Сұйыққоймаларда қатты заттардың болмауына көз жеткізіңіз.



Ескертпе
Сұйыққоймаға адамның құлап кетуін болдырмау керек.

11. Пайдалану

Ескертпе

Араластырғыш немесе ағын түзгішімен көз-келген жұмыстарын орындауға кірісер алдында барлық сақтандырғыштар алынғандығын немесе басты ажыратқыш ағытылғандығына көз жеткізіңіз. Электр қорегінің кездейсоқ қосылуына болдырмауына көз жеткізіңіз.



Ескертпе

Қауіпсіздік техникасы бойынша атаулы талаптар басқа тарауларда келтірген басқалары сияқты араластырғыш немесе ағын түзгішін пайдалану барысындағы тасымалдау, сақтау, тиеу-түсіру жұмыстарының барысында орындалуы тиіс.



Араластырғыш немесе ағын түзгішін құрасытру, қосу, пайдалануға енгізу және техникалық қызмет көрсету білікті маманмен орындалуы тиіс. Айналу үстіндегі буындар мен бөлшектерден қауіпсіз ара қашықтықта болуы тиіс.

Сұйыққоймаға адамдардың кездейсоқ құлап кетуінің алдын алу мақсатына мысалы қаптама немесе шарбақ сияқты сәйкес қоршаулар бойынша шаралар қабылдау керек.

Ескертпе

Жарылысқа қорғалған орындалымындағы араластырғыш пен ағын түзгішін қолдану барысында келесі қауіпсіздік ережелерін сақтау керек.



Эквипотенциалды жерге тұйықтау

Жарылысқа қорғалған орындалымындағы барлық араластырғыштар мен ағын түзгіштері 4 мм² мейлінше төмен көлденең қиылысымен мыс сымын қосуға болатын электр қозғалтқышының артқы бөлігіне потенциалды теңестіруінің қысқышы болады.

Электр қозғалтқышының кабелі пайдалану барысында ол пропеллер қалақшасына түсіп кете алмайтындей етіп бекітілуі тиіс.

Ағып кету датчигі

Grundfos компаниясының реле түрімен бірге ағып кету датчигі жабдықтың жарылыстан сақтайтын негізгі шарты болып табылады. Сол себептен релені барлық жарылыстан сақталатын қондырғыларға орнату керек. Релеге бөлек тапсырыс беріледі.

Өнім нөмірі: 96489569

Ағып кету датчигі ұшқыннан қорғалған, сол себепті оны көк оқшаулау сымы арқылы жалғау керек.

Температураны бақылау

Электр қозғалтқышының температурасы РТС кіріктірілген термодатчиктер көмегі барысында үнемі бақылауда болуы тиіс. Осы мақсатпен сәйкестік бағасының процесінен өткен сәйкес реле қолдану керек.

Электр қорегінің кабелі

Дайындаушы зауытта қосылған электр қорегінің кабелін қысқартуға тиым салынған.



Ескертпе
Араластырғыш пен ағын түзгішті жарылысқа қауіпті жағдайларда бөлшектеуге болмайды.

Жиілік түрлендіргіші мен баяу іске қосу статорі.

Жиілік түрлендіргіші мен баяу іске қосу статорін егер олар жарылыс қорғалымының ережелері мен нормаларына сәйкес орнатылатын болса, араластырғыш пен ағын түзгішіне қарағанда жарылысқа қорғау жіктеуден жоғары болса ғана қолдануға рұқсат етіледі.

Керек-жарақтар

Араластырғыш немесе ағын түзгішін тек қана Grundfos компаниясының еткізетін және рұқсат етілген керек-жарағын ғана қолдануға жол беріледі.

Ағын түзгіштер

Мүмкін болатын электрлеу үшін жарылысқа қорғалған ортадағы полимерлі пропеллері бар ағын түзгіштері үнемі суға батырылып тұруы тиіс.

Қызмет көрсету бойынша есеп журналы

Жабдықтың барлық қызмет ету мерзімінің барлық уақытында толық бақылауды қамтамасыз ету үшін, қосалқы тораптары мен бөлшектері қызмет көрсету бойынша журналында тіркелуі керек.

Араластырғыш пен ағын түзгішінің артық жүктелімін болдырмау үшін, сонымен қатар оларды тотығудан сақтау үшін, жұмыс ортасына арналған төмендегі көрсетілген шектеулерді сақтау керек.

Сұйықтық температурасының диапазоны	5-ден 40 °C (*60 °C)
pH мәні	4-ден 10
Барыншы динамикалық тұтқырлық	500 мПа·с
Тұйықтықтың барынша тығыздығы	1060 кг/м ³
Хлоридтер концентрациясы	≤ 200 мг/л (тот баспайтын болат үшін 1.4301)
Хлоридтер концентрациясы	≤ 1000 мг/л (тот баспайтын болат үшін 1.4404)

* Сұйықтық температурасының диапазоны фирмалық тақташасында көрсетілген (4. Бұйым туралы жалпы мәліметтер тарауынан қар.).

Көрсеткіштері жоғарыда көрсетілген мөндерінен асып кететін сұйықтықтың араластырылымы жағдайында Grundfos компаниясымен хабарласыңыз.

Араластырғыштар мен ағын түзгіштері үздіксіз пайдалану режиміне арналған (S1).

Араластырғыштар мен ағын түзгіштер

12. Техникалық қызмет көрсету

Ескертпе

Араластырғышпен кез-келген жұмысқа кірісер алдында барлық сақтандырғыштардың ағытылып алынғандығына немесе бас ажыратқыштың



ажыратылғандығына көз жеткізіңіз. Электр қорегінің ажыратылғандығына және оның кездейсоқ қосылмайтындығына көз жеткізіңіз. Барлық айналып тұрған тораптар мен бөлшектері қозғалысыз болуы тиіс.

Ескертпе

Араластырғыш немесе ағын түзгіштер жарылысқа қорғалуда орнатылған қатынасында қолданылатын нормалар мен ережелерді сақтауы тиіс. Барлық жұмыстарды жарылысқа қауіпсіз аймақта жүргізілуі тиіс.



Адамдардың денсаулығына қауіп туғызуы мүмкін сұйықтықтарды араластыруға қолданылатын араластырғыштарды немесе ағын түзгіштерді пайдалануды бастамас бұрын, араластырғышты немесе ағын түзгішті, сұйыққойманы және т.б. жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес толық жуып шаю керек.

Араластырғыш немесе ағын түзгішті бөлшектеуді тек қана Grundfos компаниясының сервистік уәкілетті органы ғана орындай алады.

Бұл кабельдік енгізілімге де қатысты.

Жөндеу барысында тек қана Grundfos компаниясының дайындаған тораптары мен бөлшектерін қолдануға рұсат етілген.

12.1 Жарылысқа қорғалған араластырғыш пен ағын түзгіштер

Жарылысқа қорғалған араластырғыш пен ағын түзгіштердің техникалық қызмет көрсетілімі мен жөндеулері тек Grundfos мамандарымен ғана немесе Grundfos сервистік орталығымен орындалуы тиіс.

Қосалқы бөлшектері

Араластырғыш/ағын түзгіштің зақымданған тораптары мен бөлшектері үнемі жаңа фирмалық бөлшектерімен алмастырылып отыруы тиіс. Электр қозғалтқышының

бөлшектерін станокта өңдеу көмегімен жөндеуге, бұранданы қайта кесуге және т. б. болмайды.

12.2 Ластанған араластырғыш



Ескертпе

Егер араластырғыш денсаулық үшін қауіпті немесе улы сұйықтықтарды араластыру үшін қолданылса, оны бұндай араластырғыш ластанған ретінде жіктеледі.

Бұндай жағдайда әрбір техникалық қызмет көрсетуге тапсырыс берер кезінде алдын ала айдалатын сұйықтық туралы нақты ақпарат берген жөн.

Бұндай ақпарат берілмеген жағдайда, Grundfos сервистік орталығымен қызмет көрсетуді жүргізуден бас тартуы мүмкін.

Сорғыны фирмаға қайтаруға байланысты болуы мүмкін шығындарды жөнелтуші көтереді.

12.3 Техникалық қызмет көрсету картасы

Типі	Техникалық қызмет бойынша нұсқаулар	Майлау	Қарау
Электр қозғалтқышы	Барлығы Электр қозғалтқышының корпусы таза болуы тиіс (кері жағдайында салқындату шаралары нашарлайды). Электр қозғалтқышының корпусын бөлшектеуді тек Grundfos компаниясы ғана орындай алады.	Шарлы мойынтіректер техникалық қызмет көрсетулерді талап етпейді. Егер олар шуылдай бастаса, оларды ауыстыруға тура келеді.	Электр қозғалтқышы трансформатор майымен толтырылады. Май деңгейін тексеру және ауыстыру талап етілмейді.
Электр қорегінің кабелі	Барлығы		Электр кабелінің жылына екі рет сыртқы бетінің зақымдалуы, түр өзгерісі, сынулар және т.б болмауларын тексеру керек. Егер қорек кабелі зақымданған болса, ол Grundfos мамандарымен ауыстырылуы керек.
Бүйірлік тығыздағыш корпусы	AMD Тозу жағдайында манжетті тығыздағыш және тозған шығыршықты алмастыру керек. Егер құрамында май болса, онда бүйірлік тығыздағышын алмастыру керек.	Май құрамында су болатын болған немесе ластанудың барлық жағдайларында оны алмастыру керек. Майын әрбір екі жыл сайын алмастырып тұрыңыз.	Егер бүйірлік тығыздағышы оған су түсуін бақылай алмайтын болса, оларды әрбір жарты жыл сайын тексеріп отыру ұсынылады.
Редуктор	AMG, AFG Тозу жағдайында манжетті тығыздағыш және тозған шығыршықты алмастыру керек. Егер құрамында май болса, онда бүйірлік тығыздағышын алмастыру керек.	Май құрамында су болатын болған немесе ластанудың барлық жағдайларында оны алмастыру керек. Майын әрбір екі жыл сайын алмастырып тұрыңыз. Егер майды үстеп құю керек болатын болса, 12.4 Май тарауын қар.	Егер бүйірлік тығыздағышы оған су түсуін бақылай алмайтын болса, оларды әрбір жарты жыл сайын тексеріп отыру ұсынылады.

	Типі	Техникалық қызмет бойынша нұсқаулар	Майлау	Қарау
Пропеллер	Барлығы			Пропеллер қалағын тозуына және қылау түзілуіне жүйелі түрде тексеріп отырыңыз. Жабдықтың қате жұмысы немесе дірілін туындататын жіп, темір арқан, сымдар және т.б сияқты қалақтарға оралған кез-келген материалдарын жою керек. Күшті тірбілентті ағын туындауы жағдайында пропеллерін жуу керек.
Жұқарба	Барлығы	Тотығудан қорғау үшін, жұқшығырының майын жұқалап әр уақытта жағып отыру керек.	Жылына екі рет мойынтіректің алты қырлы тістерін және тығынды әмбебап консистенттік маймен майлау керек.	
Көтеру арқаны	Барлығы	Темір арқанды әр уақытта сұйық немесе консистенттік маймен өңдесеңіз, оның қызметтік мерзімі артады.		Темір арқанын соның ішінде жұқшығырды әрбір қолдану барысында жүйелі түрде тексеру. Қажеттілігіне қарай оны жаңасына алмастыру.
Бұрандалар	Барлығы	Электр қозғалтқышының кронштейніндегі бұрандалар тартылған-тартылмағандығын тексеріңіз. Сұйыққойманы босатқан уақытта төменгі бекіту кронштейнінің/ пластинаның төменгі бекіткішінің бұрандаларын тексеру.	Бұрандаларды тарту сәтінде қажеттілігіне қарай бұрандалы бекіткішін алмастыру керек.	

12.4 Май

12.4.1 Редуктор және бүйірлік тығыздағыш корпусына құйылатын май маркасы

ISO VG 68 сәйкес келетін (AMD, AMG) араластырғышқа арналған трансмиссиялық май. ISO VG 220 сәйкес келетін (AFG) ағын түзгішке арналған трансмиссиялық май.

12.4.2 Мотор майының маркасы

Тек арнайы трансформаторлы майын қолданыңыз: Shell Fluid 4600 немесе Nycodiel 1244 электр оқшаулау сұйықтығы. Егер майдың қандай да бір тасқа типі орама материалына зиян келтіретін болса, оларды қолдану керек. Моторлы май айырбасын техникалық қызметтер жүргізу немесе жөндеу мақсатында электр қозғалтқышын бөлшектеген уақытта жүргізіледі.

12.4.3 Май көлемі

Жарылысқа қорғалмаған араластырғыштар мен ағын түзгіштер

Типі	Редуктор/бүйірлік тығыздағыш корпусы [л]	Электр қозғалтқышы [л]
AMD.xx.45x.xxx	0,25	-
AMG.15-22.xx		2,6
AMG.30-40.xx	1,2	1,9
AMG.55-90.xx		5,9
AMG.110-130.xx	2,5	4,1
AMG.150-185.xx	4,0	6,8
AFG.08-22.130.xx		2,6
AFG.30-40.130.xx	1,3	1,9
AFG.xx.150.xx	4,6	4,1
AFG.13-18.180.xx		2,6
AFG.24-37.180.xx		1,9
AFG.15-22.230.xx	3,2	1,6
AFG.30-40.230.xx		1,9
AFG.xx.260.xx	4,6	-

Жарылысқа қорғалған араластырғыштар мен ағын түзгіштер

Араластырғыштар мен ағын түзгіштердің электрқозғалтқышында май ағысы жоқ.

Жарылыстан қорғалған араластырғыштар мен ағын түзгіштердің редукторындағы май мөлшері араластырғыштар мен ағын түзгіштердің стандартты орындалымдағысымен бірдей.

12.5 Май айырбасы

AMD

Бүйірлік тығыздағышындағы майды айырбастау үшін келесілерді орындау керек.

1. Пропеллерді шешіп алу.
2. Майлы камераның бұрандалы тығынын бұрап босату.
3. Әйнек стақанға майды құйып алу және 10 минуттан соң майда судың болу-болмауын тексеру. Егер май құрамында су болатын болса, бүйірлік тығыздағышын алмастыру керек.

Қолданылған майды жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жинап жою керек.

4. Бүйірлік тығыздағыш корпусына жаңа май құю 12.4.3 Май көлемі тарауын қар.
5. Пропеллерді орнату.

AMG, AFG

Редуктор корпусындағы майды айырбастау үшін келесілерді орындау керек.

1. Араластырғышты және ағын түзгішін көлденеңінен тіреуішке орнатып, астына май жинайтын түпқойма қойыңыз.


Ескертпе
Майлы камера артық қысым астында болатын болса, майлы камера тығынын баяу бұрап ашу керек. Ешбір уақытта бұл қысым толық өшіктірілмейінше, тығынды толық бұрап ашуға болмайды.



2. Тығынды босатып бұрап алыңыз (33-сур. 2-айқ.).
3. Құю саңылауының тығынын босатып, бұрап алу (1-айқ.) және майлы камерадағы майды толғымен стақанға толғымен ағылуына мүмкіндік беріңіз. Майдың стақанда шамамен 10 минут тұндырып, онда судың барлығын тексеріңіз. Егер май құрамында су болатын болса, бүйірлік тығыздағышын алмастыру керек.

Қолданылған майды жергілікті нормалар мен ережелерге сәйкес жинап алып жою керек.

4. Ағызып алу саңылауының тығының тазарту және қайта орнына салу (1-айқ.).
5. Май құю саңылауы арқылы (2-айқ.) майлы камераға май құю. Майдың көлемі редуктор корпусы мен бүйірлік тығыздағышына құйылатын 11.4.3 Май көлемі тарауында, маркасы - 11.4.1 Май маркасы тарауында көрсетілген.
6. Тығынды бұрынғы орнына орнату (2-айқ.).



ТМ02 9479 2704

33-сур. Құю саңылауының тығыны мен май құюға арналған саңылау күйі

13. Істен шығару

AMD мен AMG араластырғыштары және AFG пайдаланудан шығару үшін, желілік ажыратқышты «Ағытылған» күйіне ауыстыру керек.

Желілік ажыратқышқа дейін орналасқан барлық электрлі желілер үнемі кернеу астында болады. Сондықтан да жабдықтың кездейсоқ немесе рұқсат етілмеген қосылымының алдын алу керек, желілік ажыратқышты блоктау қажет.

14. Техникалық сипаттамалар

14.1 Электр қозғалтқышы

AMD, AMG, AFG

Қорғаныш сыныбы	20 м дейін орнату тереңдігі барысында IP68
Оқшаулау сыныбы	F
Тығыздағыш	Біліктің радиалды шығыршықты тығыздағышы/біліктің бүйірлік тығыздағышының
Электр қозғалтқышының корпусының материалы	Шойын 25 (EN-GJL-250) AMD: тот баспайтын болат (AISI 316)

14.2 Редуктор

AMG, AFG

Типі	Планетарлы редуктор
Редукторлар	Тегістейтін суарылған болат
Тығыздағыш күйін бақылау	Редукторға кіріктірілген жылыстау датчигі
Жетек және мойынтірек	Екі коникалық шарлы мойынтіректер
Редуктор корпусының материалы	Шойын 25 (EN-GJL-250)

14.3 Бүйірлік тығыздағыш

Араластыратын сұйықтықтың енуінен қорғайтын тығыздағыш.

AMD	Шевронды манжеті, манжетті тығыздағыш және SiC/SiC-тен шығатын бүйірлік тығыздағышы
AMG, AFG	2 манжетті тығыздағыш және вольфрам карбидінен жасалған 1 біліктің бүйірлік тығыздағышы/карбид вольфрамы немесе SiC/SiC

14.4 Пропеллер

AMD

Қалақтар саны	3
Пропеллер диаметрі	450 мм
Пропеллер құрылымы	Бүйірлік стабилизаторы бар өзі тазаратын тиімді гидравликалық құрылым.
Пропеллер материал	Тот баспайтын болат
Күпшек материалы	

AMG

Қалақтар саны	2
Пропеллер диаметрі	400-1000 мм
Күпшекпен пропеллер материал	Тот баспайтын болат

AFG.xx.130

Қалақтар саны	2
Пропеллер диаметрі	1340 мм
Күпшегімен пропеллер материалы	Тот баспайтын болаттан жасалған күпшегімен құйылған тегіс полиамиді

AFG.xx.150-260.xx

Қалақша саны	2 немесе 3
Пропеллер диаметрі	1500, 1800, 2300, 2600 мм
Күпшек материалы	Шойын (EN-GJS-400-15)
Пропеллер қалағының материалы	Полиуретан (Baudur), арматураланған шойынымен

14.5 Дыбыстық қысым деңгейі

Араластырғыш пен ағын түзгіштің дыбыстық қысым деңгейі 70 дБ(А) аспайды.

Кернеудің жол берілетін ауытқуы	фирмалық тақташада көрсетілген
	мәнінен -10%/+6%
Қорғаныш дәрежесі	Жарылысқа қорғалған орындалым: ± 5 %
	IP68

Оқшаулау сыныбы	F
Қондырғының барынша тереңдігі	Сұйықтығының бетінен 20 метр төмен
Сағатына іске қосылымының барынша сағаты	20
Электр қорегі кабелінің ұзындығы	10 м (стандарт)*
Барлық жұқарба темір арқандарының ұзындығы	10 м (стандарт)*

* 15 және 25 метрлік стандартты кабельдер тапсырыс бойынша жеткізіледі.

15. Ақаулықтың алдын алу және жою**Ескертпе**

Араластырғыш немесе ағын түзгішпен кез-келген жұмысты орындауға кірісер алдында сақтандарғыштың барлығы шешілгеніне немесе басты ажыратқыш ағытылғандығына көз жеткізіңіз. Электр қорегі кездейсоқ қосылып кетпейтініне көз жеткізіңіз.

Барлық айналатын буындар мен бөлшектер қозғалыссыз болу керек.

Ескертпе

Жарылысқа қауіпті аймақта орнатылған араластырғыш немесе ағын түзгішке қатысты әрекет ететін барлық нормалар мен ережелерді сақтау керек.

Жарылысқа қауіпті аймақтан тыс барлық жұмыстарды орындауын қамтамсыз ету керек.

Техникалық қызмет журналына жазбалар жүргізіңіз.



Ақаулық	Мүмкін болатын себебі	Ақаулықты жою
1. Араластырғыш немесе ағын түзгіш іске қосылмайды.	a) Электр қорегі жоқ немесе ақаулы.	Электрикті шақыру.
	b) Электр кабелінің ақаулығы.	Электрикті шақыру.
	c) Басқару жүйесінің ақаулығы.	Электрикті шақыру.
	d) Пропеллер айналымының қиындауы.	Пропеллер қалағын тазарту және оның еркін айналымын қолмен тексеру.
	e) Статор орауының ақаулығы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	f) Электр қозғалтқышы қызып кетуінен ағытылады.	Электр қозғалтқыш суыған уақытты күту және араластырғыш немесе ағын түзгіш қайта іске қосуға тырысу.
	g) Өр түрлі фазалық кернеу.	Электрикті шақыру.
	h) Қайта жүктеу релесі үшін тым төмен орнатылған мән немесе ақаулық ақаулығы.	Қайта жүктеу релесін тексеру. Реленің тиімді іске қосуын орнату. 9.3. <i>Қайта жүктеу релесі.</i>
	i) Араластырғыш немесе ағын түзгіш жылыстау датчигімен ағытылған.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	j) Электр қозғалтқышының ішіндегі ылғал болуы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
2. Араластырғыш немесе ағын түзгіш іске қосылмайды, алайда сол уақытта тоқтап қалады.	a) Статор орауының ақаулығы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	b) Өр түрлі фазалық кернеу.	Электрикті шақыру.
	c) Қайта жүктеу релесі үшін тым төмен орнатылған мән немесе ақаулық ақаулығы.	Қайта жүктеу релесін тексеру. Реленің тиімді іске қосуын орнату. 9.3. <i>Қайта жүктеу релесі.</i>
	d) Араластырғыш немесе ағын түзгіш жылыстау датчигімен ағытылған.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	e) Электр қозғалтқышының ішіндегі ылғал болуы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.

Ақаулық	Мүмкін болатын себебі	Ақаулықты жою
3. Жұмыс істеп тұрған электр қозғалтқышының өзінде сұйыққоймада сұйықтық айналымы жоқ немесе айналым сипаты талаптарға жауап бермейді.	a) Пропеллердің қате айналым бағыты.	Қоректік электр желісінің екі фазасының ұйқосылымдарының орындарын айырбастау.
	b) Араластырғыш немесе ағын түзгіш тек екі фазадан жұмыс істейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Электр қосылымдарын тексеру. • Ақаулы сақтандырғыштарды ауыстыру. • Электрикті шақыру.
	c) Ішкі бөлшектерінің тозуы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	d) Пропеллер қалақтарының ластануы мен зақымдануы.	Пропеллер қалақшасын тазарту және тозу мүмкіндігінің бар-жоқтығын тексеру. Пропеллер қалағының тозу немесе зақымдану жағдайында Grundfos компаниясына жүгініңіз.
4. Араластырғыш немесе ағын түзгішінің қате жұмысы, көтеріңкі шуыл.	a) Ішкі бөлшектерінің тозуы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	b) Пропеллер қалақтарының ластануы мен зақымдануы.	Пропеллер қалақшасын тазарту және тозу мүмкіндігінің бар-жоқтығын тексеру. Пропеллер қалағының тозу немесе зақымдану жағдайында Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	c) Электр қозғалтқышы немесе редукторының шарлы мойынтіректерінің істен шығуы	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	d) Жабдықпен туындаған діріл. (резонанс салдарынан).	Жабдық құрылымын тексеру.
5. Ток және энергия тұтынуының жоғары деңгейі.	a) Қате қорек кернеуі немесе электр қорегінің ақаулығы.	Электрикті шақыру.
	b) Электр қозғалтқышы кабелінің ақаулығы.	Электрикті шақыру.
	c) Басқару жүйесінің ақаулығы.	Электрикті шақыру.
	d) Пропеллер айналымының қиындауы.	Пропеллер қалағын тазарту және оның еркін айналымын қолмен тексеру.
	e) Статор орауының ақаулығы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	f) Араластырғыш немесе ағын түзгіш тек екі фазада жұмыс істейді.	<ul style="list-style-type: none"> • Электр қосылымдарын тексеру. • Ақаулы сақтандырғыштарды ауыстыру. • Электрикті шақыру.
	g) Ішкі бөлшектерінің тозуы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.
	h) Электр қозғалтқышы немесе редукторының істен шығуы.	Grundfos компаниясына жүгініңіз.

16. Бұйымды кәдеге жарату

Шекті күйдің негізгі өлшемдері болып табылатындар:

1. жөндеу немесе ауыстыру қарастырылмаған бір немесе бірнеше құрамдас бөліктердің істен шығуы;
2. пайдаланудың экономикалық тиімсіздігіне алып келетін жөндеуге және техникалық қызмет көрсетуге шығындардың ұлғаюы.

Аталған жабдық, сонымен қатар, тораптар мен бөлшектер экология саласында жергілікті заңнамалық талаптарға сәйкес жиналуы және кәдеге жаратылуы тиіс.

17. Дайындаушы. Қызметтік мерзімі

Дайындаушы:

GRUNDFOS Holding A/S концерні,
Poul Due Jensens Vej 7, DK-8850 Bjerringbro, Дания*

* нақты дайындалу елі фирмалық тақташасында көрсетілген.

Уәкілетті дайындаушы тұлға/Импорттаушы**:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы,
Лешково ауылы, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:

«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
көк төбе ықшам ауд., Қыз Жібек көш 7

** импорттық жабдықтарға қатысты көрсетілген.

Ресейден өндірілген жабдық:

Дайындаушы:

«Грундфос Истра» ЖШҚ
143581, Мәскеу облысы, Истра ауданы, Лешково
ауылы, 188-үй.

Орталық Азия бойынша импорттаушы:


«Грундфос Қазақстан» ЖШС
Қазақстан, 050010, Алматы қ.,
көк төбе ықшам ауд., Қыз Жібек көш 7

Жабдықтың қызмет мерзімі 10 жылды құрайды.

Техникалық өзгерістер болуы мүмкін.

Приложение 1.


AMD



TM03 0283 4704

Тип	P2 [кВт]	A [мм]	B [мм]	C [мм]	D [мм]	E [мм]	Масса с кронштейном электродвигателя и 10 м кабелем [кг]
AMD.15.45B.710.	1.5	456		180			59
AMD.25.45B.690.	2.5						
AMD.35.45B.705.	3.5	491		200	220	450	68
AMD.45.45B.675.	4.5		210				
AMD.20.45.700.	2.0	456		180			59
AMD.30.45.710.	3.0						
AMD.40.45.695.	4.0	491		200			68


AMG




TM02 4944 3210

Тип	P2 [кВт]	A [мм]	B [мм]	C [мм]	D [мм]	E [мм]	Масса с кронштейном электродвигателя и 10 м кабелем [кг]
AMG.15.55.339.	1.5	720				550	78
AMG.22.64.335.	2.2	735				635	78
AMG.30.64.336.	3.0	750	200	320	410	635	85
AMG.40.71.330.	4.0	760				710	85
AMG.55.73.342.	5.5	980				730	166
AMG.75.73.340.	7.5	990	270		460	732	168
AMG.110.84.340.	11.0	1010		430		840	177
AMG.150.90.357.	15.0	1160				900	275
AMG.185.91.356.	18.5	1180	315		460	910	280


AFG.xx.130.xx





AFG.xx.180.xx



AFG.15.230
AFG.22.230




AFG.30.230
AFG.40.230



TM02 6346 0305 / TM02 6345 0305 / TM04 3959 0409 / TM04 3957 0409

Тип	Тип пропеллера	P2 [кВт]	A [мм]	B [мм]	C [мм]	D [мм]	E [мм]	Масса с кронштейном электродвигателя и 10 м кабелем [кг]
AFG.08.130.61.		0.75						
AFG.11.130.71.		1.1						
AFG.15.130.79.		1.5	855	200	353	400	1340	102
AFG.22.130.78.		2.2						
AFG.30.130.95.		3.0						
AFG.40.130.94.		4.0						
AFG.13.180.30.	2 лопасти	1.3						108
AFG.18.180.34.		1.8						190
AFG.24.180.39.		2.4					1800	198
AFG.37.180.46.		3.7						198
AFG.15.230.23.		1.5	1200	302	570	400		200
AFG.22.230.26.		2.2						
AFG.30.230.30.		3.0						
AFG.40.230.34.		3.0						
	3 лопасти						2300	233

AFG.xx.260.xx



TM04 3957 0409

Тип	Тип пропеллера	P2 [кВт]	A [мм]	B [мм]	C [мм]	D [мм]	E [мм]	Масса с кронштейном электродвигателя и 10 м кабелем [кг]
AFG.30.260.34.		3.0						
AFG.34.260.35.		3.4						360
AFG.40.260.38.	2 лопасти	4.0			650		2600	
AFG.46.260.39.		4.6						365
AFG.55.260.42.		5.5	1500	360		585		
AFG.48.260.35.		4.8						
AFG.58.260.38.	3 лопасти	5.8			680		2660	410
AFG.65.260.39.		6.5						
AFG.75.260.41.		7.5						



RU

Мешалки AMD и AMG и образователи потока AFG сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности низковольтного оборудования» (ТР ТС 004/2011), «О безопасности машин и оборудования» (ТР ТС 010/2011), «Электромагнитная совместимость технических средств» (ТР ТС 020/2011).

Сертификат соответствия:
№ TC RU C-ДК.АИ30.В.01119 срок действия до 20.11.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» ООО «Ивановский Фонд Сертификации», аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11АИ30 от 20.06.2014 г., выдан Федеральной службой по аккредитации; адрес: 153032, Российская Федерация, Ивановская обл., г. Иваново, ул. Станкостроителей, дом 1; телефон: (4932) 23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

Мешалки AMD и AMG и образователи потока AFG сертифицированы на соответствие требованиям технических регламентов Таможенного союза «О безопасности оборудования для работы во взрывоопасных средах» (ТР ТС 012/2011).

Сертификат соответствия:
№ TC RU C-ДК.ГБ08.В.00230 срок действия до 02.03.2019 г.

Выдан органом по сертификации продукции взрывозащищенного оборудования Закрытое Акционерное Общество Технических Измерений, Безопасности и Разработок (ОС ВО ЗАО ТИБР), аттестат аккредитации № РОСС RU.0001.11ГБ08 срок действия с 15.06.2011 г. по 15.06.2016 г., выдан Федеральным Агентством по техническому регулированию и метрологии; адрес: 301760, Тульская обл., г. Донской, ул. Горноспасательная, д. 1, стр. А, Россия; тел./факс: (48746) 5-59-53.

Истра, 21 ноября 2014 г.



KZ

AMD және AMG араластырғышы мен AFG ағын түзгіші Кеден одағының «Төменвольтты құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), «Машиналар мен құрылғылардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 010/2011), «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімдігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:
№ TC RU C-ДК.АИ30.В.01119, жарамдылық мерзімі 20.11.2019 ж. дейін.

«Иваново Сертификаттау Қоры» ЖШҚ «ИВАНОВО-СЕРТИФИКАТ» өнімді сертификациялау бойынша органымен берілген, аккредитациялау аттестаты № РОСС RU.0001.11АИ30 20.06.2014 ж., аккредитациялау бойынша Федералды қызметімен берілген; мекен-жайы: 153032, Ресей Федерациясы, Иванов облысы, Иваново қ., Станкостроителей көш., 1 үй; телефон: (4932)23-97-48, факс: (4932) 23-97-48.

AMD және AMG араластырғышы мен AFG ағын түзгіші Кеден одағының «Жарылысқа қауіпті ортадағы жұмыс үшін жабдық қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 012/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігіне сертификатталған.

Сәйкестік сертификаты:
№ TC RU C-ДК.ГБ08.В.00230, жарамдылық мерзімі 02.03.2019 ж. дейін.Техникалық Өлшеулер Қауіпсіздік және Өзірлемелер Жабдық Акционерлі Қоғамының жарылысқа қорғалған (ТӨҚӨ ЖАҚ ЖҚ) жабдығының өнімінің сертификаты бойынша органымен берілген, аккредиттеу аттестаты № РОСС RU.0001.11ГБ08 жарамдылық мерзімі 15.06.2011 жылдан бастап 15.06.2016 жылға дейін, техникалық реттеу және метрология бойынша Федералды агенттігімен берілген; мекен-жайы: 301760 Тула облысы, Дон қаласы, Горноспасательный көш. 1 үй бет А, Ресей, тел/факс: (48746) 5-59-53

Касаткина В. В.
Руководитель отдела качества,
экологии и охраны труда
ООО Грундфос Истра, Россия
143581, Московская область,
Истринский район,
дер. Лешково, д.188

Российская Федерация

ООО Грундфос
111024, Москва,
Ул. Авиамоторная, д. 10, корп.2,
10 этаж, офис XXV. Бизнес-
центр «Авиаплаза»
Тел.: (+7) 495 564-88-00, 737-30-00
Факс: (+7) 495 564 88 11
E-mail:
grundfos.moscow@grundfos.com

Республика Беларусь

Филиал ООО Грундфос в Минске
220125, г. Минск,
ул. Шафарнянская, 11, оф. 56,
БЦ «Порт»
Тел.: +7 (375 17) 286-39-72/73
Факс: +7 (375 17) 286-39-71
E-mail: minsk@grundfos.com

Республика Казахстан

Грундфос Казахстан ЖШС
Казақстан Республикасы, KZ-
050010 Алматы қ.,
Көк-Төбе шағын ауданы,
Қыз-Жібек көшесі, 7
Тел: (+7) 727 227-98-54
Факс: (+7) 727 239-65-70
E-mail: kazakhstan@grundfos.com

be think innovate

98939731 1015

ECM: 1167567

© Copyright Grundfos Holding AS

The name Grundfos, the Grundfos logo, and be think innovate are registered trademarks owned by Grundfos Holding AS or Grundfos AS, Denmark. All rights reserved worldwide.

www.grundfos.com

GRUNDFOS 